

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2021 жылдың 24 ақпанында жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
А.Ұ. Маминге**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Қазіргі уақытта еңбек құқықтарының бұзылуына байланысты шағымдар келіп түсуде.

Талдау көрсеткендей, жұмысшылар шағымдарының басым көпшілігі жалақының төленбеуіне байланысты болып отыр, бұл қоғамда әлеуметтік шиеленіс туындатады.

Мәселен, «Атыраустройпроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жұмысшыларына бес ай бойы жалақы төленбегені жөніндегі ұжымдық шағым бойынша Атырау облысының еңбек инспекциясы тиісті тексеру жүргізудің мүмкін еместігін айтып, жауап берген. Оған себеп ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 1-ші қаңтардан бастап шағын және микрокәсіпкерлік субъектілеріне тексеру, профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізуге, сондай-ақ, пандемияға қарсы шектеу шараларына байланысты мораторий енгізу туралы Жарлығын алға тартып отыр.

Қызылорда облысында да дәл осындай жағдай. Аталған облыстың еңбек инспекциясы да «Бади-Нұр KZ» мекемесінде жұмыс істейтін 23 азаматтың 4 ай жалақы төленбегені жөніндегі ұжымдық өтініші бойынша қолданыстағы мораторийге байланысты тексеру жүргізуден бас тартқан.

Жарлыққа сәйкес, халықтың өмірі мен денсаулығына, заңдылықтар мен қоғамдық тәртіпке қауіп төндіруі мүмкін жағдайлардың алдын алуға немесе жоюға бағытталған тексерулер жүргізуге болады. Ол орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органның бірінші басшысының шешімі негізінде қолға алынады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтері бойынша, бұл осы уақытқа дейін тек үш жерде ғана, Нұр-Сұлтан қаласында, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарында қолданылған.

Осы мәселеге орай, «Nur Otan» партиясының үндеуінен кейін Министрлік мемлекеттік еңбек инспекцияларының тексерулерін тағайындау алгоритмін әзірлеп, аймақтарға жіберген болатын.

Бірақ, егер жалақы төленбеу фактілері бойынша арнайы тексерулер болмаса, Министрлік қабылдаған шаралар тек қағаз жүзінде қалады. Бұл тікелей жергілікті әкімдердің жұмысына байланысты.

Еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңыздылығын, жұмыскерлердің еліміздің Конституциясы мен заңдарында кепілдік берілген еңбек құқықтарын сақтау бойынша нақты шаралар қабылдау қажеттігін ескере отырып, «Nur Otan» партиясының фракциясы Үкіметтен барлық әкімдердің Қазақстан азаматтарының еңбек құқықтарының бұзылуына қатысты шағымдарын кезек күттірмей тексеру жөніндегі жедел жұмысты қамтамасыз етуді талап етеді

Депутаттық сауалға жауапты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде ұсынуды сұраймыз.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары,
«Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері**

Н. Раззақ

Қ. Мусин

С. Имашева

Е. Смышляева